Бекітемін
әдіскер

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы «Балажан» бөбекжай-балабақшасы**
**Топ «Балапан» ортаңғы тобы**
**Балалардың жасы 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы, 2024 жылы**

| **2 қыркүйек**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **9 қыркүйек**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>М.Ж : Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Балалар: Сәлеметсіз бе!<br>**Тақырыбы: «Үлкен – кішкентай»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұзақ қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Музыканың ритмін сезінуге баулу.<br>**1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.**<br>Музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдатқызып, жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады.<br>Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ.<br>Баланың жүрісі – қысқа шапалақ.<br>**2. Музыка тыңдау** «Тұлпарым».<br>**3. Ән айту** «Қуыр-қуыр-қуырмаш»<br>Әннің мәтінін үйрету.<br>**4. Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>**Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; | **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>**Тақырыбы: «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны**<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті,ұрмалы,үрлемелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.<br>**1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.**<br>Балаларға аспаптардың (домбыра, қобыз, сазсырнай, асатаяқ, дауылпаз, т.б.) суреттері бейнеленген карточкалар ұсынылады. Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият тыңдап, аспаптың дауысын тыңдайды.<br>**2. Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>**Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; |

| **16 қыркүйек**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **23 қыркүйек**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау**<br>(Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау.<br>Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Балалар  марш музыкасымен,аяқты ырғақтап баса отырып музыка залына келеді.<br>Балалар залға көңілді музыкамен кіреді.<br>**Тақырыбы:**<br>**«Құлыншақ» әні**<br>**Мақсаты:** Әнді тыңдауға және жеңіл қозғалуға,шеңбер бойымен тұруға,жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық,қамқорлық сезімін ояту<br>**1. Балаларды музыкамен қарсы алу.**<br>Балалар біз бүгін  Әжемізге  қонаққа барамыз құлыншаққа мініп тезірек жетейік .<br>"Құлыншақ " әнінің ырғағымен құлыншақ  жүрісін салады, ән соңында балардың әженің үйіне келгенін түсіндіру.<br>-Әженің үйінде үй жануарлары бар екен қанеки балалар жануарлар дауысын салып беріңдерші.<br>**2. «Лақ» әні**<br>-Қанекей балалар әжемізге лақ туралы ән айтып берейік.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Анасын тап»**<br>-Балалар берілген суреттегі жануарлардың төлін табу керек қане кім жақсы табады екен.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды | **Музыка залын дайындау**<br>(Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау.<br>Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Әуенді сағат» ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады<br>**1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.**<br>**Ойынның шарты:** Әртүрлі шығармадағы кейіпкерлер суреті салынған сағат бейнелі карточкалар беріледі.Жетекші таныс ән немесе әуенді ойнап,балалар «Әуенді сағаттан»сол әннің мазмұнын сай суреті сағат тілін қозғау арқылы тауып береді.<br>**2. Ән айту.** «Тұлпарым»<br>Әннің мәтінін үйрету.<br>**3. Музыкалық-ырғақты қимыл:** Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды |

| **30 қыркүйек**<br>**Дүйсенбі 09.35** |
|---|
| **Музыка залын дайындау** Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>**Тақырыбы: «Музыкалық моншақтар»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.<br>**1. Балалар көңілді музыкамен адымдап әуен залына кіреді.**<br>Әуен ырғағына сай әр-түрлі жүріс-түрлерін жасайды. Отбасы мүшелерінің мамандықтардың суреттері ілінген. Балалармен отбасындағы дәстүрлі мерекелер туралы әңгімелесу. Отбасы туралы тақпақ, мақал-мәтел сайысын ұйымдастыру.<br>**2. Ән айту.** «Ата ананы тыңдаймыз». Бота Бейсенова<br>«Ұстаз ана» Бота Бейсенова..<br>Әндіайтааралдындасипатынажыратыпәуенінемәнберіп, таза орындауқажет..Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіру,ән айту ережелерін естен шығармау.<br>**4. Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>«Ақ қайың»биі. Ақ қайың-сұлу, биік ағаш. Би әуеніне аяқтың ұшымен, жұптасып билеуге болады.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды |

Бекітемін
эдіскер
Д.Муха

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы «Балажан» бөбекжай-балабақшасы**
**Топ: «Балапан» ортаңғы тобы**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі**: **Қазан айы, 2024 жылы**

| **7 қазан**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **14 қазан**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>М.Ж : Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Балалар: Сәлеметсіз бе!<br>**Тақырыбы: «Ән салған кім?»**<br>**Мақсаты:** Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету.Әуендітыңдап,қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу.<br>**1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.**<br>Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ән салған баланың дауысын тануы керек.<br>Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.<br>(тембрді айыру үшін арналған ойын)<br>**2. Ән айту.** Көп бала бар бөлмеде,<br>Бірі ғана ән салады.<br>Ал сырттағы<br>Кім екен деп тамсанады<br>Бір бала былай деп әндетеді.<br>Мен бақытты бөбекпін,<br>Таудай биік талабым,<br>Ән мен күйге зерекпін,<br>Бірден қағып аламын.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды | **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>**Музыка жетекшісі.**<br>**Тақырыбы: «Қос дабыл»**<br>(Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған ойын)<br>**Мақсаты:** Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу.<br>**1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.**<br>**2. Ән айту.** Гүрілдей кеп қағылды,<br>Танып тұрмыз дабылды.<br>Там – та – ра –там. Там – та – ра – там.<br>Там – та – ра –там. Там – та – ра – там.<br>Шіңкілдей кеп қағылды,<br>Танып тұрмыз дабылды.<br>Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти.<br>Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти.<br>Балалар екі шеңбер жасап тұрады: сыртқы (Үлкен) және ішкі (Кіші.) Ойын басталғанша тәрбиеші өзінің қалауы бойынша үлкен немесе кіші дабылда ойнайды. Үлкен дабылда ойнағанда сыртқы шеңбердегі балалар айналып жүріп әндетеді, кіші дабылда ойнағанда ішкі шеңбердегі балалар айналып жүріп ән салады<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; |

| **21 қазан**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **28 қазан**<br>**Дүйсенбі 09.35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау**<br>(Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау.<br>Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>П. Чайковскийдің музыкасы естіледі "Святки". Балалар залға кіреді, шеңберге тұрады<br>**Музыка жетекшісі:**<br>Қайырлы таң!"<br>Қайырлы таң-күн мен құстар.<br>Қайырлы таң-күлімсіреген жүздер.<br>Және бәрі болады<br>Мейірімді, сенімді …<br>Қайырлы таң кешке дейін созылсын.<br>**Тақырыбы:**<br>**«Мерекелік ән мен би»**<br>**Мақсаты:**<br>Белгілі әуенге қимылдар жасауға үйрету, тез, ойнақы музыкалар мен жай орындалатын музыкаларды ажыратуға қалыптастыру.<br>**1.Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.**<br>Атша шабуға үйрету, оң аяқ алда, сол аяқ оң аяқты қуатынын түсіндіру. Қимылмен көрсету. Аттың шабысын салып жүгірту.<br>**2. Музыка тыңдау:** «Құлыншақ» муз.<br>Қ Шілдебаев. Сөзі. И Сапарбай<br>**3. Ән айту.** «Мерекелік ән мен би»<br>Әннің мәтінін үйрету. Әнде мереке жайлы айтылып отыр. Көк аспандай көкпеңбек жалаушаларды әнге қосып айту. Мерекеде көңіл күй қандай болады? Жалауларды қалай бұлғаймыз?<br>**4. Музыкалық-ырғақты қимыл:** Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.<br>**Жалаушалармен жаттығу.**<br>1. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. | **Музыка залын дайындау**<br>(Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау.<br>Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы**:<br>**Тақырыбы:**<br>**«Балақан да алақан»**<br>**Мақсаты:**<br>Отбасы мүшелерін атауға,білуге үйрету.<br>**1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.**<br>Балалар дөңгелене шеңбер жасап отырады. Музыка ойнаған кезде, балалар ән ырғағына ілесіп, қол соғып, өлең айтады. Алақандарын басқалардан бөлек, жаңылыс соққандар, не басқадай бір қылығымен ойын тәртібін бұзғандар «кінәлі бала» болып табылады. Оларды ортаға жеке шығарып, кінәсін ақтау үшін өлең, тақпақ айтқызып, билетеді.<br>**2. Ән айту.** Кел балалар, шапалақтап<br>Алақанды ұрайық.<br>Жаңылғанды ортаға ап,<br>Бір өнерін сұрайық.<br>Қ – сы<br>Ла – ла – ла – ла,<br>Балақан.<br>Ла – ла – ла –ла,<br>Алақан.<br>Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, кінәлі баланы бақылайды. Оны тапқан кезде, айыбына ән, би, немесе тақпақ сұрайды. Кінәлі бала айыбын өтеген соң, ойын одан әрі жалғасады.<br>Бәрі сол балаға бұрылып тұрып, былай дейді.<br>Соғылғанда алақан,<br>Жаңылдың сен, балақан.<br>Шаю үшін кінәңді, |

| | |
|---|---|
| 2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>3. Жалаушаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.<br>4. Жалаушаны ұстап жүру<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды | Көрсет бір өнеріңді.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды |

Бекітемін
әдіскер
Д.Мух

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы «Балажан» бөбекжай-балабақшасы**
**Топ: «Балапан» ортаңғы тобы**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі**: **Қараша айы, 2024 жылы**

| **4 қараша**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **11 қараша**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>М.Ж : Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Балалар: Сәлеметсіз бе!<br>**Тақырыбы: «Үлкен – кішкентай»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұзақ қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Музыканың ритмін сезінуге баулу.<br>**1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.**<br>Музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдатқызып, жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады.<br>Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ.<br>Баланың жүрісі – қысқа шапалақ.<br>**2. Музыка тыңдау** «Тұлпарым».<br>**3. Ән айту** «Қуыр-қуыр-қуырмаш»<br>Әннің мәтінін үйрету.<br>**4. Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>**Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; | **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>**Тақырыбы: «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны**<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті,ұрмалы,үрлемелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.<br>**1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.**<br>Балаларға аспаптардың (домбыра, қобыз, сазсырнай, асатаяқ, дауылпаз, т.б.) суреттері бейнеленген карточкалар ұсынылады. Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият тыңдап, аспаптың дауысын тыңдайды.<br>**2. Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>**Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; |

| **18 қараша<br>Дүйсенбі 09:35** | **25 қараша<br>Дүйсенбі 09.35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау**(Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>**Тақырыбы: «Менің балапандарым қайда?»**<br>**Мақсаты:** Дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекітуге арналған.<br>**1.Көңілді музыкамен залға кіреді.**<br>Музыкалық жетекші ойнауды ұсынады да әңгімесін бастайды: Бір аулада балапандарымен тауық , үйрек, қаз өмір сүріпті, ал ауланың сыртындағы ұяда құс балапандарымен тұрыпты. Бірде қатты жел соғып, жаңбыр жауды да, барлығы тығылып қалды. Ең бірінші болып өз балапандарын үйрек шақырады (суретті көрсетеді):<br>**2. Ән айту.** «Менің балапандарым, сүйкімді балақандарым қайды? Кря, кря!» (бірінші октаваның рес дыбысы бойынша ән салады). Карточкаларында үйректің балапандарының суреті салынған балалар оларды көтеріп, былай деп жауап береді: «Кря – кря, біз мұндамыз» (екінші октаваның ля дыбысы бойынша ән салады).<br>Музыкалық жетекші былай деп жалғастырады: «үйрек өз балапандарын тапқанына қатты қуанады.<br>**3. Музыка тыңдау.**<br>Ал енді сендер ән тыңдаңдар.<br>«Балапан»<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды | **Музыка залын дайындау(**Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>**Тақырыбы: «Ән салған кім?»**<br>**Мақсаты:** Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету.Әуендітыңдап,қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу.<br>**1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.**<br>Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ән салған баланың дауысын тануы керек. Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.<br>(тембрді айыру үшін арналған ойын)<br>**2. Ән айту.** Көп бала бар бөлмеде,<br>Бірі ғана ән салады.<br>Ал сырттағы<br>Кім екен деп тамсанады<br>Бір бала былай деп әндетеді.<br>Мен бақытты бөбекпін,<br>Таудай биік талабым,<br>Ән мен күйге зерекпін,<br>Бірден қағып аламын<br>**Дид. Ойын: Мақсаты:** балаларды берілген мәтінге марш және Бесік жыры жанрында қысқа әуендер жазуға шақыру.<br>**Ойын барысы:** балалары бар тәрбиеші қолында текше ұстап, серуендеп, ән айтады:<br>Біз барамыз, барамыз, Тра-та-та,<br>Біз ән айтамыз, ән айтамыз, ла-ла-ла.<br>Содан кейін текшені балаға береді. Бала текшедегі суретті өз қалауы бойынша таңдайды. Тиісінше ол өз әнін жазады<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды |

Бекітемін
зіскер
Д.Мдк

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы «Балажан» бөбекжай-балабақшасы**
**Топ: «Балапан» ортаңғы тобы**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі**: **желтоқсан айы, 2024 жылы**

| **2 желтоқсан**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **9 желтоқсан**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау**(Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Балалар залға музыкамен кіріп, орындықтардың жанында тоқтайды.<br>М.Ж.: Сәлеметсіздер ме, балалар! Кәне көңілді , бірге сәлем берейік.<br>**Сәлемдесу әні "Сәлеметсіз бе, алақандар"**<br>М.Ж.: Жарайсыңдар! Ал сіз таңертең бетіңізді жудыңыз ба? Енді Көңілді "жуынатын" әнімізді, сонымен бірге көңілді, епті алақандарымызды көрсетейік.<br>**Ән-ойын**<br>**"Біз жүреміз"музыкалық-ритмикалық ойыны**<br>**М.Ж.:** Біздің Орманда кім тұрады? Тыңдаңыз.<br>Құстардың әні естіледі. Балалар жауап береді.<br>**М.Ж:** Енді біздің аяқтарымыз жүргісі келеді.<br>**Муз- ритмикалық жаттығу: "Үлкен аяқтар"**<br>**Ән айту: «Мысық»**<br>**М.Ж:** Біздің орманда тағы кім тұрады? (ойыншық Қоянды көрсетеді, балалар жауап береді). Қоянмен бірге билейік.<br>**Би -** "қоян секірді және шаршады"ойыны<br>**М.Ж:** Қоян қатты шаршады, демалуға уақыт келді. Қоштасайық. Балалар қоштасып, топқа кетеді. | **Музыка залын дайындау**(Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы**:<br>**Тақырыбы: «Музыкалық моншақтар»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.<br>**1. Балалар көңілді музыкамен адымдап әуен залына кіреді.**<br>Әуен ырғағына сай әр-түрлі жүріс-түрлерін жасайды. Отбасы мүшелерінің мамандықтардың суреттері ілінген. Балалармен отбасындағы дәстүрлі мерекелер туралы әңгімелесу. Отбасы туралы тақпақ, мақал-мәтел сайысын ұйымдастыру.<br>**2. Музыка тыңдау «МенiңОтаным».** Ө.Байділдаев.<br>-Отан деген немене?<br>**3. Ән айту.** «Ата ананы тыңдаймыз». Бота Бейсенова<br>«Ұстаз ана» Бота Бейсенова.. Әнді айтар алдында сипатына жыратып әуенін мән беріп, таза орындау қажет.Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіру,ән айту ережелерін естен шығармау.<br>**4. Музыкалық-ырғақты қимыл:** «Ақ қайың»биі. Ақ қайың-сұлу, биік ағаш. Би әуеніне аяқтың ұшымен, жұптасып билеуге болады. Қыз балалар қолына орамал ұстап, жоғары көтеріп, оңға-солға бұлғап қимыл жасайды.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды |

| **23 желтоқсан**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **30 желтоқсан**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау**(Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Балалар  марш музыкасымен,аяқты ырғақтап баса отырып музыка залына келеді.<br>Балалар залға көңілді музыкамен кіреді.<br>**М.Ж:** Балалар, қазір бізде қыс мезгілі. Өте салқын. Қысқы орманға барайық.<br>Біз балалар емес, жануарлар боламыз.<br>Орманда аюлар жүреді. келеді. " Қорбан қорбан аюлар"<br>Ал енді қоян. "Кішкентай, ақ қоян секіреді".<br>Ал қазір түлкілер жүгіріп жүр. "Барлығымыз жүгіреміз, жүгіреміз - түлкі құйрығын айналдырады".<br>Ұзақ уақыт бойы біз жолда жүгірдік, сондықтан аяқтарымыз шаршады.<br>**"Аяқтар шаршады" жаттығуы**<br>**.М. Ж.:** *Балалар, қыста орманда суық болады. Сіз қатып қалмадыңыз ба? Біраз жылынайық.*<br>**Ән "біз аздап жылынамыз".**<br>**Старокадомскийдің "Кысқы бии".**<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды. | **Музыка залын дайындау**(Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>М.Ж : Қайырлы таң балалар!. (Таң қалады). Аюға қараңыз. Міне, әлі ұйықтап жатыр. Оны әнімізбен оятайық: "аю, аю, Сен ұзақ ұйықтайсың ба?»<br>Аю: (оянады).<br>*Мұнда кім ән айтты?*<br>*Ұйықтатпадындарғой!*<br>*Ал балалар. Сәлеметсіз бе!*<br>**М.Ж** : *Аюға сәлем бердік, енді шыршаға сәлем берейік:*<br>*Сәлеметсіз бе, шырша-Сұлулық,*<br>*Балалар сені қатты жақсы көреді!*<br>- Балалар, бізде ерекше шырша бар: музыкалық. Ол өте жақсы көреді оған ән айтылғанда және оның жанында билегенде.<br>**Ән айту «Шырша»**<br>-Балалар, жақында мереке-Жаңа жыл. Аяз Ата мен оның немересі Ақшақар бізге қонаққа келеді. Олар сыйлықтар әкеледі, шыршаның жанында көңіл көтереді, дөңгелек билер жүргізеді.<br>**Ән: «Сәлемет пе Аяз Ата»**<br>**Би: «Бусинки» «Ұлпа қарлар» «Қояндар»**<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды |

Бекітемін

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы «Балажан» бөбекжай-балабақшасы**
**Топ «Балапан» ортаңғы тобы**
**Балалардың жасы 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: <u>қаңтар айы, 2025 жылы</u>**

| **6 қаңтар**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **13 қаңтар**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>М. Ж. қуыршақ бізге тағы да қонаққа келді. Оның аты Айна. Ал ол не істей алады? Дұрыс, билейді! Айна би билегенді жақсы көреді және оны көңілді ету үшін біз қолымызды шапалақтаймыз.<br>**Музыка тыңдау:** «Полька» Глинка<br>Иә, қуыршақ! Иә, биші! (Таңданған интонацияны жұмбаққа өзгертеді) Машенка, ал сен бүгін бізге не әкелдің? Міне, оюланған, қиын, боялған қорап! қараңыз, бұл сылдырмақ — музыкалық аспап. Оның қаншалықты көңілді екенін тыңдаңыз.<br>**Ойын: «Көңілді бубен»**<br>М.Ж қолында қуыршақ пен дабыл ұстап, оны ойнайды, балалар билейді.<br>**Ән айту:**«Топ бала»<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды | **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>М.Ж : Қайырлы таң балалар!. (Таң қалады). Аюға қараңыз. Міне, әлі ұйықтап жатыр. Оны әнімізбен оятайық: "аю, аю, Сен ұзақ ұйықтайсың ба?»<br>Аю: (оянады).<br>*Мұнда кім ән айтты?*<br>*Ұйықтатпадындарғой!*<br>*Ал балалар. Сәлеметсіз бе!*<br>**М.Ж** : *Аюға сәлем бердік, енді шыршаға сәлем берейік:*<br>*Сәлеметсіз бе, шырша-Сұлулық,*<br>*Балалар сені қатты жақсы көреді!*<br>- Балалар, бізде ерекше шырша бар: музыкалық. Ол өте қатты жақсы көреді оған ән айтылғанда және оның жанында билегенде.<br>**Ән айту «Шырша»**<br>-Балалар, жақында мереке - Жаңа жыл. Аяз Ата мен оның немересі Ақшақар бізге қонаққа келеді. Олар сыйлықтар әкеледі, шыршаның жанында көңіл көтереді, дөңгелек билер жүргізеді.<br>**Ән: «Сәлемет пе Аяз Ата»**<br>**Би: «Бусинки» «Ұлпа қарлар» «Қояндар»**<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды |

| **20 қаңтар**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **27 қаңтар**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау**(Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Балалар  марш музыкасымен,аяқты ырғақтап баса отырып музыка залына келеді.<br>Балалар залға көңілді музыкамен кіреді.<br>**М.Ж:** Балалар, қазір бізде қыс мезгілі. Өте салқын. Қысқы орманға барайық.<br>Біз балалар емес, жануарлар боламыз.<br>Орманда аюлар жүреді. келеді. " Қорбан қорбан аюлар"<br>Ал енді қоян. "Кішкентай, ақ қоян секіреді".<br>Ал қазір түлкілер жүгіріп жүр. "Барлығымыз жүгіреміз, жүгіреміз - түлкі құйрығын айналдырады".<br>Ұзақ уақыт бойы біз жолда жүгірдік, сондықтан аяқтарымыз шаршады.<br>**"Аяқтар шаршады" жаттығуы**<br>**.М. Ж.:** *Балалар, қыста орманда суық болады. Сіз қатып қалмадыңыз ба? Біраз жылынайық.*<br>**Ән "біз аздап жылынамыз".**<br>Старокадомскийдің "Кысқы бии".<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды. | **Музыка залын дайындау**(Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Балалар «марш» екпінімен залға кіреді, ортаны айналып шығып шеңбер жасап тұрады, музыка жетекшісі балалармен амандасады және әуенге (басқа көңілді әуен қосылады) әртүрлі қимылдар жасап билеп алады.<br>«Шаттық» шеңбері:<br>*Күннің көзі ашылып,*<br>*Көкке шуақ шашылып,*<br>*Құтты қонақ келіпті,*<br>*Төрімізге еніпті.*<br>*Амандасу үлкенге,*<br>*Тәрбиенің басы ғой.*<br>*Ал, қанекей, бәріміз,*<br>*Сәлем дейік үлкенге,*<br>**Музыка тыңдау:** «Балабақша бағында» С.Кәрімбаев<br>**Ән айту:**«Топ бала»<br>**Муз- ырғақты қимыл:** *«Қыдырамыз,билейміз»М.Раухвер-гер*<br>**Дид.  Ойын:**«Күннің көзі және бұлт»<br>Мақсаты: Балалар әртүрлі музыканы ажыратіға үйрету,және оны сипаттау<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды |

Бекітемін
әдіскер

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы «Балажан» бөбекжай-балабақшасы**
**Топ: «Балапан» ортаңғы тобы**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы, 2025 жылы**

| **3 ақпан**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **10 ақпан**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау:** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Балалар залға музыкамен кіріп, орындықтардың жанында тоқтайды.<br>М.Ж.: Сәлеметсіздер ме, балалар! Кәне көңілді , бірге сәлем берейік.<br>**Сәлемдесу әні "Сәлеметсіз бе, алақандар"**<br>М.Ж.: Жарайсыңдар! Ал сіз таңертең бетіңізді жудыңыз ба? Енді Көңілді "жуынатын" әнімізді, сонымен бірге көңілді, епті алақандарымызды көрсетейік.<br>**Ән-ойын**<br>**"Біз жүреміз"музыкалық-ритмикалық ойыны**<br>**М.Ж.:** Біздің Орманда кім тұрады? Тыңдаңыз.<br>Құстардың әні естіледі. Балалар жауап береді.<br>**М.Ж:** Енді біздің аяқтарымыз жүргісі келеді.<br>**Муз- ритмикалық жаттығу: "Үлкен аяқтар"**<br>**Ән айту: «Мысық»**<br>**М.Ж:** Біздің орманда тағы кім тұрады? (ойыншық Қоянды көрсетеді, балалар жауап береді). Қоянмен бірге билейік.<br>**Би -** "қоян секірді және шаршады"ойыны<br>**М.Ж:** Қоян қатты шаршады, демалуға уақыт келді. Қоштасайық.<br>Балалар қоштасып, топқа кетеді. | **Музыка залын дайындау:** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету<br>**Сабақтың барысы:**<br>Балалар «Сәлеметсіз бе!» деп амандасып, залға кіреді.<br>**М.Ж:** балалар, бүгін бізге балабақшаға жеделхат әкелді-Міне (Мен оқимын). "Арман" балабақшасының балаларына: "Қысқы орманға шақырамыз Мұнда көптеген кереметтер бар Секіруге және секіруге болады, Сіз көңілді ойнай аласыз.<br>*Орманға келіңіз,*<br>*Ағашты таңдауға көмектесіңіз!» (Қояндар)*<br>**Музыка тыңдау:** «Марш» «Бесік жыры» «Би»<br>Балалар музыкалық үзінділерді тыңдайды, ойындарды атайды, сәйкес суретті таңдайды, орындауды қайталайды<br>**Ән айту:**«Алақай,қыс келді»»<br>**Муз- ырғақты қимыл** «Марш деревянных солдатиков»<br>П. Чайковский<br>**Ойын:"қайталанатын ойыншылар"**<br>Музыка ритағын анықтауға арналған дидактикалық ойын. **Ойынның мақсаты:** ойын зейінді дамытуға және музыкалық ритмді есте сақтаудың күрделі қабілеттерін жаттықтыруға бағытталған.<br>**Күтілетін нәтижелер:** таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды; қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады |

| **17 ақпан**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **24 ақпан**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Балалар марш музыкасымен,аяқты ырғақтап баса отырып музыка залына келеді.<br>**М. Ж**. Балалар, бүгін музыка залына қандай көңіл-күймен келдіңіз? Сіздерде көңіл-күйлеріңіз жақсы екен. Музыка көңілді көңіл-күйді жеткізе алады деп ойлайсыз ба? (Балалардың жауаптары.) Егер сізде жақсы көңіл-күй болса, онда сабақтың басында бірдей көңіл-күйдегі музыка естілуі керек. Тапсырманы тыңдаңыз: бір-біріңіздің артыңыздан бұрылыңыз, алдымен көңілді шеруге шығыңыз, содан кейін музыка өзгерген бойда сіз екі аяқпен алға қарай серпіліп секіресіз, Марш қайтадан естіле салысымен бір-біріңіздің артыңыздан қайта реттелесіз. Кімнің артында тұрғанын есте сақтаңыз<br>**Музыка тыңдау:** «Күй» Тәтімбет (домбыра аспабымен таныстыру)<br>**"Дыбыспен музыкалық аспапты біл"**<br>**-Ойын**<br>Мақсаты: тембрді есту қабілетін дамытуға арналған ойын<br>**Ән айту:**<br>**Муз- ырғақты қимыл:** *«Брейк данс»*<br>**Дид. Ойын** Дұрыс қоңырауды табыңыз.<br>**Мақсаты:** балалардың дыбыстық есту қабілетін дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды; қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады. | **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>**Музыка жетекшісі:** Балалар, біз музыкалық елге келдық, мұнда нағыз музыка, Музыкалық аспаптар, әндер, билер өмір сүреді. Ал, біздің ноталарымызды іздеуге бардық па?<br>Бұл не екенін қараңыз…<br>(сыйлық қорабы) қызық, онда не бар? (балалар қорапқа жақындайды, Балалар музыка жетекшісінің сұрақтарына жауап береді) мүмкін біздің ноталарымыз бар ма?. (жылқыны шығарады), балалар бұл кім...оны сипаттаңыз... ал Сіз ат сияқты қозғала аласыз ба? (аюды шығарады) және бұл кім?. Біз билеуге бардық. Аюға оны қалай бейнелегеніңіз өте ұнады. Мұнда тағы кім бар? (көбелекті шығарады). Көбелек не істейді?. Ал сіз құстың қалай ұшатынын көрсете аласыз ба?.<br>(Балалар қозғалыста музыкаға жануарлардың бейнелерін бейнелейді<br>И. Каплунова "жылқы", "аю билейді", "көбелек"<br>**Музыка тыңдау:** «Күй» Құрманғазы<br>**Муз- ырғақты қимыл«**Эластобласт- Танысу»;<br>**Дид. Ойын:** "Үш гүл"ойыны Музыканың сипатын анықтауға арналған дидактикалық ойын.<br>**Мақсаты:** балаларда музыканың әртүрлі табиғаты туралы идеяларды дамыту (көңілді, көңілді; тыныш, бесік жыры; қайғылы)<br>**Муз аспата ойнау:** "Бубенмен ойнау"<br>Тапсырма: ойнау дағдыларын қалыптастыру (2 қабылдау-соққы және шайқау)<br>Би: «Ұлпақарлар» «Пираты»<br>**Күтілетін нәтижелер:** таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды; қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады |

Бекітемін
әдіскер

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы «Балажан» бөбекжай-балабақшасы**
**Топ: «Балапан» ортаңғы тобы**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі**: **Наурыз айы, 2025 жылы**

| **3 наурыз**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **17 наурыз**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы**:<br>Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балаларға әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады.<br>(«Марш» М.Раухвергер)<br>Біз адымдап жүреміз,<br>Бір, екі, үш!<br>Серуендеп келеміз,<br>Бір, екі, үш!- деп балалардың қосыла айтуын сұрайды.<br>-Балалар, баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік, - деп ынталандырады.<br>«Кімнің жүгіргісі келеді?»<br>(Л.Вишкарева) әуені ойналып, балалардың ырғақты тыңдай, жеңіл жүгірулерін қадағалайды.<br>Әуен соңында: міне, баққада жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық, - деп, балаларды көктемгі бақ бейнеленген көрініске жақындатады.<br>-Қараңдаршы, балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл, алуан гүлдер жайнап тұр екен! – деп балалардың назарын аударуға тырысады.<br>Бақ іші қандай тамаша,<br>Алуан гүлдер тұр тұнып,<br>Демалайық отырып! – деп демалуға жайғастырады.<br>Үнтаспадан құстардың дауысы естіледі («Табиғат әуендері» жинағынан). | **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Музыка жетекшісі балаларды көңілді қарсы алады.<br>Біз гүлдерді терейік,<br>Ұқыпты боп жүрейік.<br>Анамызды қуантып,<br>Көңілді билеп берейік, - деп «Гүлдермен би» (Т.Вилькорейская) жаттығуын қадағалайды. Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл еркін қимылдауларын қадағалайды.<br>Кәне, достар, тұрмайық,<br>Гүлдерді тез жинайық! – деп гүлдерді себетке жинап салуды ұсынады.<br>Музыка жетекшісі себеттерді залдың ортасына қойып, көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада вальс (музыка жетекшісінің қалауымен) ойналып, көбелекке сымын ырғақпен қозғайды.<br>Көктем қандай көрікті,<br>Балақайлар көріпті.<br>Дала гүлге толыпты,<br>Көбелек гүлге қоныпты! – деп, көбелекті гүлдерге қондырады.<br>-Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі көбелек! Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық.<br>Ән тыңдау: «Көктем» (музыкасын жазған К.Қуатбаев, сөзін жазған А.Асылбек) әнінің 2-шумағын орындап береді. Әннің:<br>Жаңбыр жауар себелеп, |

| | |
|---|---|
| -Балалар, ненің дауысын естіп тұрсыңдар? Бұл – құстардың дауысы. Құстар қалай дыбыстайды екен?<br>Қолымызды жаяйық,<br>Құстай қанат қағайық! – деп, балаларға құстың қанат қаққанын көрсетулерін сұрау.<br>Қандай қызық көктемде,<br>Күн шуағын төккенде.<br>Гүл тереміз алуан<br>Шығып алып бөктерге, - деп «Көктем» әнінің (музыкасын жазған К.Қуатбаев, сөзін жазған А.Асылбек) 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға педагог мәтініне сай қимылдарды көрсетіп, қайталатады.<br>Ән аяқталысымен балаларды алдын ала «гүлдер өсіп тұрған» гүлзарға шақырып:<br>Қызыл, сары, жасыл, көк<br>Гүлдерді біз терейік, - деп гүл жинауды ұсынады.<br>Достығымыз жарасып,<br>Көңілді би билейік!<br>«Гүлдермен би» (Т.Вилькорейская)  қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп жеңіл жүгіруді, бір орында тұрып тербелуді, ортаға жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауға үйретеді.<br>Көктем келіп шуақты,<br>Балаларды қуантты.<br>Алақай – ау, алақай<br>Құстар сайрап<br>Бақтар жайнап, гүл атты!<br>-Балалар, сендерге бақ ұнадыма? Құстар қалай әндетеді екен? Гүлдер қандай? Мен сендерге  әдемі гүлдер сыйлаймын, - деп алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдерді таратып береді.<br>**Күтілетін нәтижелер:**  таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды; қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады. | Көлбеңдейді көбелек, - деген сөздерінде балалардың қолдарымен жаңбыр тамшыларын, көбелек қанатын көрсетіп, қайталауларын өтінеді. Ән мәтініне сәйкес педагогпен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды.<br>«Гүлзардағы көбелектер ойыны»<br>Көбелек-ау, көбелек,<br>Ұшасың сен көлбеңдеп.<br>Қызыл, жасыл керемет,<br>Гүлге қоншы көбелек! – деп, балаларды ойынға шақырады.<br>«Вальс» ойналып (А.Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында:<br>Ақ қанатты көбелек,<br>Көк қанатты көбелек,<br>Бақшамызға қона кет! – деп, «көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді.<br>Балалардың қызығушылығын арттыру үшін, екінші рет қайталағанда өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік ереді. «Көбелектер қандай? Қалай ұшады?» деген сұрақтар қою арқылы жасаған іс-әрекеттерін пысықтайды. Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**  таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды; қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады |

| **31 наурыз**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
| --- |
| **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>«Марш» (М.Раухвергер) ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды.<br>Нық басып келеміз,<br>Бір, екі, үш!<br>Көңілді жүреміз,<br>Бір, екі, үш! – деп әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді.<br>Кенет музыка жетекшісі үйшік үстінен торғайды көріп қалғандай болады.<br>Балалар, мұнда келіңдер,<br>Қызықты көріңдер!<br>Торғай ұшып келіпті,<br>Үйүстіне қоныпты, - деп таңғалған болады.<br>Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі. («Табиғат әуендері» жинағынан)<br>Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,<br>Ешбір құстан қалыспайды, - деп балаларға торғайдыі дауысын қайталауды ұсынады.<br>Тұмсығымен жем шоқып,<br>Тары, бидай тереді, - деп торғайды ұстап, жем шоқыған қимылын көрсетіп, балаларға қайталап көрсетулерін сұрайды.<br>«Құстар жем шоқиды» (Е.Тиличеева) әуені ойналып, торғайлардың қимылын бірге көрсетулерін сұрайды.<br>-Балалар, торғайды ағаш бұтасына қондырайық, ал біз бәріміз ән айтып берейік.<br>«Торғай» (А.Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балалардың мәтінге сай өз беттерінше қимыл көрсетулерін сұрайды.<br>Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.<br>-Торғай қалай ұшады? – деп сұрап, балаларға еркін қимылдауға мүмкіндік беріледі. |

Кәне, қанат жазайық,
Көк аспанда самғайық, - деп әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді.
«Құстар» (Л.Банникова) әуенінің ырғағымен ілесе, қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды.
Музыка жетекшісі үйшік шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетіп:
Ала мысық пырылдап,
Жалықпайды, ұйықтайды.
Торғайды аңдып шатырдан
Күні бойы шықпайды.
Мияу-мияу...- деп балаларды – «торғайларды» мысықтан сақтандырады.
«Мысық пен торғайлар» ойыны ұйымдастырылады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып барып, «сымға» - ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.
Шиқ-шиқ еткен торғайды
Қорғамасақ болмайды, - деп балаларға торғайды сипатады.
Қамқорлыққа алайық,
Ұясына салайық! – деп, торғайды ұясына апарып кіргізеді.
Нан қиқымын шашпаңдар,
Жерде жатса баспаңдар,
Жинап алып қастерлеп,
Торғайларға тастаңдар!
**Күтілетін нәтижелер:** таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды; қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады.

Бекітемін
эдіскер
Д.Мұх

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы «Балажан» бөбекжай-балабақшасы**
**Топ: «Балапан» ортаңғы тобы**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы, 2025 жылы**

| 7 сәуір<br>Дүйсенбі 09:35 | 14 сәуір<br>Дүйсенбі 09:35 |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>**.**Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Жетекші балаларды қарсы алады:<br>-Балалар, біз бүгін ойыншықтар дүкеніне барамыз.<br>Дүкенге автобусқа отырып, тез жетіп алайық.<br>Автобус макетіне тізіле орналасқан орындықтарға балалардың жайғасып отыруын қадағалайды. «Машина әні» (музыкасын жазған К.Қуатбаев, сөзін жазған Т.Тұяқбаев) орындалып, «жолға шығады». Балалардың көңілді әнге қосылуларын сұрайды. «Бип-бип» сөздерін анық, таза айтуға үйретіп, дағдыландырады. Ән аяқталысымен автообустан түсіп, дүкен аралауға шығады. Алдын ала қойылған түрлі ойыншықтарды көріп, атын атап, көрсетулерін сұрайды.<br>Үнтаспадан жаңбыр даусы естіліп, күн күркірейді.<br>-Балалар, жаңбыр жауды, дүкеннен қолшатыр сатып алайық.<br>Біз көңілді балдырған,<br>Сескенбейміз жаңбырдан! – деп аяқтарын топылдата жүруді талап етеді.<br>«Жау, жаңбыр» (Т.Сарыбаева) әні орындалып, мазмұнына сай қимылдар көрсетіледі. Балалардың епті, жеңіл қозғалуына мән берілуі тиіс.<br>«Балалар мен жаңбыр» ойыны ұйымдастырылады. «Жаңбыр» әуені (Т.Ломова) ойналып, педагог жаңбыр «таяқшаларын» ұстап, зал ішіне жүгіреді. Әуен соңында балалар қолшатырлар астына жасырынып үлгеруі тиіс. Қолшатыр астында отырып:<br>Жаңбыр, жаңбыр, төк-төк,<br>Шықсын гүлдер көп-көп! – деп атайды. | **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>**М.Ж:** Сәлеметсіз бе, балалар Шеңберге тұрып амандасайық<br>Марш ырғағымен балаларды қарсы алу. «Марш» (Е.Брусиловский).<br>1-2 тактілерде: «Сәлем, сәлем, балалар!» - деп марш ырғағымен амандасу. Бірінің артынан бірі, шеңбер бойымен марш ырғағымен жүруді үйрету.<br>3-4 тактілері. Музыка тоқтағанда, тоқтау керек, музыка ойнағанда әріқарай маршты жалғастыру.<br>-Балалар, орнымызға жайғасып отырайық.<br>Ән тыңдау: «Төлдерді шақыру». (Д.Ботбаев, Қуыршақ спектакліне лайықтаған Г.Әбдірахманова). текше арқылы балалармен әндете отырып, төлдерді шақыру (қайталау).<br>Балалар екі топқа бөліп, бір-бірінен сұратып, жауап беруге үйрету. Текшелерді бөліп беру. Барлық төлдерді айтқызады, орындарын ауыстырып қайталайды.<br>«Төлдерді тап» ойыны. Балаларға төлдердің енелері салынған суретті беру. Пүшәйт-пүшәйт, шөре-шөре, құрау-құрау, аухау-аухау, көс-көс деп төлдерін еркелетіп, енесінің суретінің қасына қою.<br>-Балалар, мен «Төлдер» әнін (Б.Ғизатов) айтып берейін, сендер тыңдаңдар. Сөзін қайталап, әнге қосылып отырыңдар.<br>«Тұлпарым» әніне қамшы ұстап билеуге үйрету.<br>-Балалар, қандай театр болғанын айтыңдаршы.<br>-Келесі жолы төлдерді, енелерін өздерің ойнайсыңдар. |

| | |
|---|---|
| Музыка жетекшісі көңілді дауыспен:<br>Күннің көзі ашылды,<br>Алтын нұры шашылды! – дегенде «Балалар полькасы» (М.Глинка) ойналып, балаларға жүгіріп, секіруге еркіндік беріледі. Ойын екі рет қайталанады.<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Күннің көзі ашылды. (Ә.Дүйсенбиев)<br>«Күннен қуат аламыз» психожаттығуы<br>(«Табиғат әуендері» жинағынан). Педагог кілемге жатып көрсетіп, өлең оқиды:<br>Жасыл кілем – көк шөпке<br>Аунап біздер жатамыз.<br>Алтын күнге арайлы<br>Бетімізді тосамыз...<br>Күн шуағы арайлы<br>Денемізге тарайды! – деп, балалардың денелерін бос, еркін ұстауын қадағалайды.<br>-Балалар, күннен қуат алып, күш жинадық.<br>Айгөлек-ау, айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек,<br>Айдай толған кезімде<br>Би билеймін дөңгелеп, - деп көңілді биге шақырады. Үнтаспада Роза Рымбаеваның орындауында «Айгөлек» әні қойылып, балаларды ортаға шығарады, өз беттерінше еркін билеуге мүмкіндік береді. | -Өте жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар. Келесі кездескенше аман-сау болыңдар! |
| **21 сәуір<br>Дүйсенбі 09:35** | **28 сәуір<br>Дүйсенбі 09:35** |
| **Музыка залын дайындау**<br>(Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау.<br>Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Балаларды Е.Брусиловскийдің «Марш» ырғағымен қарсы алу.<br>-Сәлем, сәлем, балалар!<br>Балаларды отырғызып, ойын ойнауға шақыру.<br>Музыкалық дидактикалық ойын: | **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Балаларды К.Қуатбаевтың «Бөбектер биі» әуенімен қарсы алу; балалардың жеңіл, көңілді, жылдам ырғақпен жүруін қадағалау.<br>Сәлем, сәлем, балақай!<br>Ән айтамыз, би билейміз, алақай!<br>«Орман шуы» әуені тыңдалады.<br>Күн күледі, жадырайды, |

| | |
|---|---|
| «Көңілді алақандар».<br>Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып, оны тыңдау ынтасын тәрбиелеу.<br>Картон қимылдарынан жасалған көңілді, көңілсіз алақан суреттерін балаларға таратып береді.<br>-Алақандар не істеп жатыр?<br>-Алақандар не істей алады?<br>Ерте, ерте, ертеде Көңілді алақандар өмір сүріпті.<br>Алақандар бір күні ерте тұрып, таң атпай қыдырып кетіпті.<br>Олар бірін-бірі көргеніне қатты қуаныпты.<br>Ән тыңдау: «Әй-әй бөпем» (қазақтың халық әні, өңдеген И.Оразбаев).<br>-«Көңілді алақандардың» көңіл күйі қандай екен?<br>«Балдырғандар маршы» (К.Қуатбаев). «Қуанамын» (М.Ержанов) музыкасын тыңдап, алақандарын көрсетеді.<br>-Балалар, жарайсыңдар, ал енді ертегі тыңдайық.<br>Әуенді-қимылды қозғалыс: «ақтөс пен Барыс». «Колхоздағы той» (Е.Брусиловский) әуеніне балаларды шақырып билету.<br>-Балалар, сендерге бүгін сендерге қандай қуыршақтар келді?<br>-Келесі жолы өздерің ойнайсыңдар.<br>«Ақтөс пен Барыс» әнін жаттап келіңдер.<br>Сау болыңдар!<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды | Құстар келіп сайрайды.<br>Кел, балалар, келіңдер,<br>Ертегіге еніңдер!<br>-Балалар, қазір бәріміз тоғайға барамыз, көбелек болып ұшамыз, қанаттарды қағамыз, гүлге келіп қонамыз. Арықтан аттаймыз, алысқа қараймыз.<br>-Балалар, мына қырдың басында тауық сайран салады. Ән салады, ойнайды, балаларға қарайды.<br>«Шашу» әуенімен (Е.Брусиловский) ортаға тауық келеді.<br>-Балалар, біз тоғайдағы тауықтың үйіне жақындап қалыппыз.<br>«Тайтұяқ пен Асатаяқ» (музыкасын жазған А.Райымқұлова) әнін тауық айта бастайды.<br>-Балалар, тауықтың әні сендерге ұнады ма? Ненің дыбысын естідіңдер? Тауық: Қыт-қыт-қыт. Мен балаларға үрмелі аспаптар алып келдім. (Тайтұяқ пен асатаяқты көрсетіп, бірге айтуды, ұстауды, ұруды үйретеді. Әнді қайталап айтады).<br>Тауық: Балалар, сендер менің балапандарымды көрген жоқсыңдар ма? Қайда кетті екен, ә? (Тауық кетеді). Балаларға сары бас киімдер кигізіп, оларды үйшіктің артына жасырып қою. Тауық келіп балапандарын іздейді, үй артынан көріп, қуады. Балапандар қашады.<br>Тауық қуанып, жетекшіні биге шақырады.<br>«Шөжелерім» (Г.Гусейнли, Н.Мұталлибов, ауд. М.Әлімбаев). би қимылдарын үйрету.<br>Тауық: балапандарым, мен сендерге «Көңілді текше» ойынын түсіндіру. Тауық ризашылығын білдіріп кетеді.<br><br>-Балалар, біз бүгін қайда бардық?<br>-Нені кездестірдік?<br>-Тауық бізге ән, биін, ойынын сыйлады. Келесі жолы тағы да ойын ойнап, билеп қайталаймыз.<br>Жарайсыңдар! Қош болыңдар!<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды |

Бекітемін
эдіскер
Д.Мүх

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы «Балажан» бөбекжай-балабақшасы**
**Топ: «Балапан» ортаңғы тобы**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі**: **Мамыр айы, 2025 жылы**

| **5 мамыр**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **12 мамыр**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
|---|---|
| **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Музыка жетекшісі балаларды есік алдынан қарсы алып, қуыршақ театрына шақырады. Театр шымылдығы ашылып, ішінен қуыршақ қоянк көрінеді. Қоян балалармен сәлемдеседі.<br>– Балалар, мені танисыңдар ма?<br>Мен қоянмын, қоянмын,<br>Сәбізді жеп тоямын.<br>Жемістерді көп жинап,<br>Қысқа сақтап қоямын.<br>– Балалар, менің сендермен танысқым келеді. Сенің атың кім? –деп бір баладан сұрайды. Ал сенің атың ше? –деп барлық балаларды өз аттарын айтуға ынталандырады.<br>–Балалар, сендер мен сияқты қатты қол шапалақтай аласыңдар ма? Енді жай шапалақтап көрсетіңдерші. Аяқтарыңды топылдата аласыңдар ма? Ал енді ақырын, жай топылдатыңдаршы, – деген ұсыныстар арқылы балаларды дыбыс ұзақтығын тембрін ажырата білуге үйретеді.<br>– Балалар, қоянға арнап тақпақ айтып берейік:<br>Ақ қоян, ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян.<br>Ақ қоян, ақ қоян,<br>Жүйрік аяқ сақ қоян! – деп балалардың қимылмен көрсетулерін сұрайды. Қоян балаларды көңілдендіру мақсатымен:<br>- Сендер мен сияқты секіре аласыңдар ма? Кәне, бірге секірейікші! – деп ұсыныс жасайды. «Қояндар» әуеніне (Е.Тиличеева) ілесе | **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>**«Көңілді би»** (Ә.Байділдә) орындалып, балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Әуеннің екінші бөлімінде аяқты нық басып, адымдап жүрулерін бақылайды. Әуен аяқталысымен музыка жетекшісі қуыршақ Айжанды ортаға алып шығады.<br>-Балалар, бүгін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, көңіл көтермекші екен. Кәне, қандай ойыннан бастайық? Бәрімізге ұнайтын «Санамақты» айтып берейік.<br>Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, санамақты саусақтарын көрсете дауыстап айтуларын қадағалайды. Қуыршақ – Айжан сендерге «Бұл не?» деген ән –ойынын орындап бермекші. Мұқият тыңдаңдар! – деп қуыршақтың қолын қозғап, ән мазмұнын түсіндіреді.<br>Ертемен күнде сен,<br>Қолыңа сүйкесең,<br>Кетіп кір, ласың,<br>Тап – таза боласың,<br>Бұл не?<br>–Балалар, кәне, Айжанға тап–таза қолдарымызды көрсетейікші. Біз қолымызды күнде сабынмен жуамыз. Міне, біздің қолымыз! Енді отырып ән тыңдайық.<br>Ән тыңдау: «Қайсы екен?» (музыкасын жазған Б.Дәлденбай, сөзін жазған А.Меңжанова). Әнді екінші рет орындағанда балалар шеңбер бойымен тұрып, педагогтің көрсетуімен мәтінге сәйкес қимылдарды жасайды. |

| | |
|---|---|
| секірулерін сұрайды.<br>- Рақмет, балалар! Мен әдемі әшекейлер ала келдім, сендерге сыйлаймын, - деп балаларға шымылдық ішінен ұсынады.<br>Әшекейлер әдемі,<br>Бірге тербеледі.<br>Қолымызда жарқырап,<br>Сәнге бөленеді, - деп әндетеді. Балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. «Әшекейлермен би» (А.Жилинский). Педагогтің көрсетуімен би екі рет қайталанады. Әшекейлерді дұрыс ұстап, қозғап, айналу үйретіледі.<br>- Ал енді қоянды биге шақырайық, балалар.<br>«Отырып – тұру» (эстон халық әуені, өңдеген А.Роомере, сөзін жазған Ю.Эвтин, аударған И.Сапарбай) әнін орындап, педагог қоянды ұстап, балаларға би қимылдарын көрсетеді. Балалардың жұптасып тұруларын, биқимылдарын ырғақты сезіне орындауларын бақылайды.<br>Қоян (қайтадан театр ширмасына көрініп): Балалар маған сендермен бірге болған ұнады. Өнерлі, әнші, биші балалар екенсіңдер!<br>Музыка жетекшісі: Қояннан не үйрендіңдер? Қоян қалай қол шапалақтайды екен? Аяқтарын қалай топылдатады екен? – деп сұрайды. Ал енді қоянға рақмет айтып қоштасайық.<br>Ақ қоян, ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян.<br>Ақ қоян, ақ қоян,<br>Сау болып тұр, ақ қоян!<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды | Қуыршақ –Айжанмен ойын ойнайық. Әуенді –ырғақты ойын «Жай және жылдам». (музыкасын азған Е.Хасанғалиев, сөзін жазған А.Асылбек)<br>Балаларға әннің мазмұнына және ырғағына байланысты жай және тез шапалақтап, аяқтарын топылдату керек екенін түсіндіреді. Балаларға жеке сөздерге қосылып, әндете айтуды ұсынады.<br>–Балалар, қуыршақ Айжанның билегені ұнады ма? Қолы қалай екен? Аяқтары қалай топылдайды? Тез –тез қалай шапалақтайды екен? – деген сұрақтар қойып, жауаптарына ризашылығын білдіреді. Балаларды мақтап, көңілдерін көтеруге тырысады<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды |
| **19 мамыр**<br>**Дүйсенбі 09:35** | **26 мамыр**<br>**Дүйсенбі 09:35** |
| **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады. Музыка жетекшісі балаларды көңілді серуенге шақырып, қол | **Музыка залын дайындау** (Желдету, бөлмені тазарту)<br>Таңғы жаттығу музыка ырғағымен<br>Музыка залын дайындау қажетті жабдықтарды оқу қызметіне дайындау. Залды желдету.<br>**Сабақтың барысы:**<br>Балаларды Е.Брусиловскийдің «Марш» ырғағымен қарсы алу.<br>-Сәлем, сәлем, балалар! |

<table>
<tr>
<td>ұстасып жүрулерін сұрайды.<br>«Серуендейміз, демаламыз» әуені (М.Красев) ойналып, 1 – бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2 – бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды.<br>Ән аяқталысымен залдың ортасына безендірілген қорап әкелініп, балалардың көңілін аударады.<br>– Балалар, мынау әдемі қорапта не бар екен? Келіңдер, бірге ашып көрейік , – деп балалардың қызығушылығын арттырады.<br>Музыка жетекшісі қораптан сылдырмақтарды алып:<br>Қызыл, жасыл сылдырмақ,<br>Үн қатады сылдырап, – қозғап, ойнап көрсетеді.<br>«Сылдырмақты серуен» (Тезекбаев)<br>Сылдырмақты алайық,<br>Әсем әнге салайық!<br>Ән тыңдау: «Сылдырмақ» (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев, сөзін жазған И.Сапарбай!<br>Әннің 1 – шумағын қайталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып, қолдарымен беттерін жабуды ұсынады.<br>Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, балаларды келесі ойынға шақырады.<br>«Сылдырмақпен ойын» педагогтің көрсетуімен ұйымдастырылдаы. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуге үйретеді. Балаларға ойын соңында шығыршықтарға кіріп, жасырынып үлгеру керек екенін түсіндіреді. Ойынды екі рет қайталауға болады.<br>Сылдырмақты жинаймыз! – деп, балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды.<br>- Сылдырмақтың даусы қандай?<br>- Бүгінгі серуен ұнады ма? Сұрақтар қойып, балалардың сөйлеп, жауап беріп дағдылануына ықпал етеді.<br>«Серуендейміз, демаламыз» (М.Красев) ойналып, балалар қол ұстасып шығады.<br>Күтілетін нәтижелер: музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды.</td>
<td>Балаларды отырғызып, ойын ойнауға шақыру.<br>Музыкалық дидактикалық ойын:<br>«Көңілді алақандар».<br>Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып, оны тыңдау ынтасын тәрбиелеу.<br>Картон қимылдарынан жасалған көңілді, көңілсіз алақан суреттерін балаларға таратып береді.<br>-Алақандар не істеп жатыр?<br>-Алақандар не істей алады?<br>Ерте, ерте, ертеде Көңілді алақандар өмір сүріпті. Алақандар бір күні ерте тұрып, таң атпай қыдырып кетіпті. Олар бірін-бірі көргеніне қатты қуаныпты.<br>Ән тыңдау: «Әй-әй бөпем» (қазақтың халық әні, өңдеген И.Оразбаев).<br>-«Көңілді алақандардың» көңіл күйі қандай екен?<br>«Балдырғандар маршы» (К.Қуатбаев). «Қуанамын» (М.Ержанов) музыкасын тыңдап, алақандарын көрсетеді.<br>-Балалар, жарайсыңдар, ал енді ертегі тыңдайық.<br>Әуенді-қимылды қозғалыс: «ақтөс пен Барыс». «Колхоздағы той» (Е.Брусиловский) әуеніне балаларды шақырып билету.<br>-Балалар, сендерге бүгін сендерге қандай қуыршақтар келді?<br>-Келесі жолы өздерің ойнайсыңдар. «Ақтөс пен Барыс» әнін жаттап келіңдер. Сау болыңдар!<br>Күтілетін нәтижелер: музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады;<br>музыканы эмоционалды қабылдайды.</td>
</tr>
</table>